



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > Білім және ғылым министрлігі ғылыми жобаларды өткізуге ЖОО-ға гранттар бөледі

---

[begin.ru, 29.07.2016](#) [1]



26 шілдеден 10 тамызға дейін университеттер немесе олардың жекелеген өкілдері РФ Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және технологиялар департаментіне жобалар байқауына қатысу үшін өтініш бере алады. Жеңімпаздар өз бастамаларын жүзеге асыруға жылына 10 млн. рубль үш жыл қатарынан алатын болады.

Байқау жобаның үш түріне арналған әртүрлі шарттарды қарастырады. Атап айтқанда, «Болашақтың ғылымдары» жобасы университетте, зерттеу орталығында, ғылыми зертханада қолданбалы ғылымды дамытуға арналады. «Бастамалардың апробациясы» – қолданбалы және ізденіс зерттеулерінің нәтижелерін тәжірибеде қолдануға арналған жобалар. «Кұзыреттіліктерді дамыту» – қолданбалы зерттеулерге арналған жобалар, оның нәтижелері кәсіпорынға дайын әзірлемені немесе технологияны өндіріске енгізу үшін беру болып табылады.

Жобаға ЖОО штаттық ғылыми қызметкерлері, аспиранттар, студенттер, жас ғалымдар қатыса алады.

---

#### Links

[1] <http://www.begin.ru/novosti-i-stati/minobrnauki-vyidast-granty-i-vuzam-dlya-provedeniya-nauchnyix-proektov/>